



*«Өрлеу» БАҒО
АҚ Маңғыстау
облыстық филиалы*

ЖОБА

**Тақырыбы: Тілдік қанығу
мектеп жасына дейінгі
балаларға тілді оқытудың
тіімді технологиясы**

*Орындағандар:
Джангабилова М. Мусинова К.
Дылбаева Ж. Қалаганова А.
Мажигарина Д.*

Тексерген: Қабылова А.



Ақтау 2017ж.



Тақырыбы:



*Тілдік қанығу мектепке
дейінгі балаларға тілді
оқытудың тиімді
технологиясы*



Тақырыптың өзектілігі:

Тіл дамыту қазіргі қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі болып келеді. Тілді дамытудың соңғы нәтижесі, ол – ең кереметтің, күштінің және қиынның көрінісі, яғни адам өз тілінің, өзінің байланыстырып сөйлеу тілінің жемісі болып саналады. Балабақшада балаға білім берудің жетістігі ретінде ең маңызды және ең алғашқы жағдай ол – баланың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Бала байланыстырып сөйлеуді жақсы меңгерсе ғана кез келген сұраққа толық, мәнді жауап бере алады. Балалардың әңгімесіне салғырт қарау, олармен тілдескенде айналасындағы адамдардың дұрыс сөйлемей мектепке дейінгі жастағы балалардың жалпы психикасы мен тілінің дамуына кері әсерін тигізеді. Ал тілді, тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін процесс. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы жанұядан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жеткізілуі тиіс.

Мақсаты:

*Тілдік қанығу
технологияларын пайдалана
отырып, мектеп жасына
дейінгі баланың тілін
ұстартып, белсенді сөйлеу
әрекетін дамыту*



Міндеттері:


- 1. Балаларға тиімді технологияларды таныстыру, көрсету.*
- 2. Баланы мәдениетті сөйлеуге тәрбиелеу.*



Тіл – ұлт ерекшеліктерінің бірі, ұлт мәдениетінің бір формасы, тілде әрбір халықтың ұлттық дәстүрінің, сана сезімін, ойлау тәсілінің, мінез - құлқының белгілері бейнеледі.

Тіл мәдениетін меңгеру – адамның сәби шағынан іске асатын, келе - келе біртіндеп жетіліп отыратын нәрсе. Олай болса, тілді ұстарту отбасында, қоғамдық мекемелерде, мектепке жүйелі жүргізілетін тәрбие процесінде іске асады.





Балабақшада тәрбие жұмыстарының басты мақсаттарының бірі-баланың тілін ұстартып, жақсы сөйлей білуге үйрету. Қазақ балалар әдебиетінің атасы Ы. Алтынсарин атамызда балаларды оқу және оқыту, тәрбиелеу ісінде ауыз әдебиеті шығармаларының маңызды орын алатындығын айта келіп: «Өмірге қажетті ауызекі сөйлеу дағдыларына жаттықпайынша қай-қай тілде болса да, еркін, жүйелі сөйлеу мүмкін емес»-деген болатын.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда қолданылатын әдіс – тәсілдері

Түсіндіру әдісі - жаңа сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді түсіндіруде қолданады. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет сайын үйретілетін жаңа сөздер бойынша, яғни сөздік жұмысында іске асады.

Көрнекілік әдісі- ұйымдастырылған оқу іс-әрекет сайын жүргізілетін әдіс.

Балаларға түрлі суреттер мен заттарды, ойыншықтарды көрсету арқылы сөздерді үйретуге болады.

Көрнекілік тақырыпқа сай, көзге тартымды болуы керек.

Сахналау арқылы балаларды рөлге бөліп беру, әр кейіпкердің дауыстарын келтіріп айтуға машықтандыру қажет. Шығармаларды оқыған кезде іс-әрекеттерге байланысты жаңа сөздердің мән-мағынасын түсіндіріп отырған әбден.



Баланы сөйлеуге үйрету, тілін дамыту, ой - өрісін кеңейту жұмысында бір топтағы әр баланың сөйлеу дәрежесін байқап, анықтау керек. Сонда ғана оқыту - үйрету ісінде неге көңіл бөлуге болатыны айқындалады.

Баланың сөздігі балаларды жеке-кей бақылау негізінде, нақтылы, көрнекі материалдарға сүйене жүргізіледі.




1. Әңгімелеу, әңгіме құрастыру (өзі көріп білген жайттар туралы, сурет мазмұнын, оқылған шығарманың мазмұнын әңгімелету).



2. Сөзді түсініп айту дәрежесін байқау. Ол үшін балаға таныс және таныс емес заттарды көрсетіп сұрау, әңгімелесу.





*Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай
материалдарды жинадым.
Қойылымдарға қажетті театр түрлерін іріктеп,
дайындадым.*





балалардың тілі дамиды;

сөздік қорлары толығады;

байланыстырып сөйлеуге дағдыланады;

дұрыс дыбыстау, мәнерлеп сөйлеу
дағдылары қалыптасады;

театр өнеріне деген қызығушылықтары
артады

**Қарапайым
диалогтық
және
монологтық
сөйлеуді
қалыптастыру**

Міндеттер

**Мнемотехника
әдісін қолдана
отыра тілдерін
дамыту**

**Сөздік қорды
толықтыру
және
жандандыру**

Нәтижелері:

**Мнемотехниканы қолданғанда
неге қол жеткізуге болады:**

**Балалардың ертегіні
ретімен әңгімелеп беруіне
деген қызығушылығы артады.
Қоршаған орта жайлы таным -
білімі артады.**

**Сөздік қорының белсенділігі
артады.**


**Балалардың ұялшақтығы
жойылады, өзін
- өзі ұстауы қалыптасады.**

Мнемокесте арқылы ертегінің мазмұндау

Маша мен аю



Үйшік





Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиеші:

-балалардың сөздік қорларын дамыту:

-жаңа сөздерді меңгерту:

-үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет болып саналады.

Тіл мәдениетін игеру баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін кезең.

Балабақшада тілдік қатынастың ең маңызды сөйлеу түрі ауызша сөйлеп үйрену жатады.

Жас жеткіншектерді баулап, тәрбиелеуге көркем әдебиеттің рөлі ұшан теңіз.

Сөздің дыбыстық жағын меңгерту:

-Бала тілін зерттеп, қай дыбысты айта алмайтынын анықтау.

Мысалы «З» дыбысын бекіту мақсатында А Райымқұлованың «ауыл маңында» өлеңін айтқызуға болады.

Ауыл маңы саз, саз-саз,

Жайылады қаз, қаз-қаз,


Тоймай қалса қаз, қаз-қаз,

Шашқан дәнің аз, аз-аз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Л.П.Федеренко, Г.А.Фомичева, В.К.Лотарев, Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы.

2.Бамұратова Б «Мектеп жасына дейінгі балаларды сөйлеуге үйрету»



Назарларыңызға
рахмет!!!

